

IV БӨЛІМ. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

4.1. Жұмыс оқу жоспары мазмұнының сәйкестігі

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарларына сәйкестігі:

Мектеп оқу процесі Шет ауданының білім бөлімімен келісілген, мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жасайды. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына бастауыш білім берудің үлгілік жоспарларына сәйкес жасалды.

Оқушылардың шекті оқу жүктемесі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптарға сәйкес.

2021-2022 оқу жылында «Шопа бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш білім берудің, негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (2020 жылғы 05 мамырдағы № 182 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізінде құрылды.

Оқу процесі келесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүргізілді:

✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.12.2012 с.ж. № 557 бұйрығы);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 04 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

1-4 сыныптарда "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсы міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты құрайтын 1-3 – сыныптарда, бастауыш сынып мұғалімдері 4-сыныпта 10 сағатты құрайды.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жүзеге асырады.

"ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен (14-тармақ) бастауыш мектептегі "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" пәнінің атауы "Цифрлық сауаттылыққа" өзгертілді. Пәннің мазмұны мен оқу жүктемесі өзгерген жоқ. "Цифрлық сауаттылық" пәнін оқу "ҚР Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығына (2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 (188-2К қосымша) және 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 (4-қосымша) бұйрықтарға өзгерістер енгізілді) сәйкес жүзеге асырылады. 2021-2022 оқу жылында "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіледі.

Оқу жұмыс жоспарының вариативті бөлігі келесі тізімде берілді:

1) **Бастауыш білім беру:** 1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативтік бөлігі оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерінің дамуына бағытталып, математикалық қабілеттерін оятып, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру мақсатында «Логика әлемі» курсына аптасына 1 сағат берілді.